

# Әкімшілік жаза және жауапкершілік

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДМИНИСТРАТИВНИЙ КОДЕКС

по состоянию законодательства на 15 января 2017

# Жоспар:


- ▶ Кіріспе
- ▶ Әкімшілік жаза
- ▶ Негізгі бөлім
- ▶ Әкімшілік жазалардың түрлері
- ▶ Әкімшілік жазаны орындау тәртібі
- ▶ Қорытынды
- ▶ Әкімшілік жауапкершілік



- 
- 
- ▶ Әкімшілік құқық бұзушылық, жасағаны үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, оның мәні осындай құқық бұзушылық жасаған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыруда немесе оларды шектеуде; әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдардың талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ жаңа құқық бұзушылық жасауынын алдын алу мақсатында қолданылады. Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды.
  - ▶ Жеке адам (ақыл-есі дұрыс және он алты жасқа жеткен) немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған заңды тұлға жауаптылыққа тартылады.

# Әкімшілік жазалардың түрлері


- ▶ Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын жазалар:
- ▶ 1) ескерту жасау;
- ▶ 2) әкімшілік айыппұл салу;
- ▶ 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, өтемін төлеп алу;
- ▶ 4) әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей жасау объектісі болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылықты жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

- 
- ▶ 5) арнаулы құқықтан айыру; лицензиядан айыру, т.б.;
  - ▶ 6) жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
  - ▶ 7) заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау;
  - ▶ 8) әкімшілік қамауға алу;
  - ▶ 9) шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ, адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

# Әкімшілік жазаны орындау тәртібі

- ▶ Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалардың қатаң сақталуы негізінде жүзеге асады. Әкімшілік жаза тағайындау кезінде жасалған құқық бұзушылықтың сипаты, құқық бұзушының жеке басы, оның кінәсінің дәрежесі, мүліктік жағдайы, жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ескеріледі. Бір тұлғаның екі не одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасағанында, әрқайсысы үшін жеке-жеке жаза қолданылады.
- ▶ Егер тұлға бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған болса, онда іс бір-ақ сотта, органда (лауазымды тұлғада) қаралады, тұлғаға бір текті жаза қолданылған жағдайда ең жоғарғы мөлшердің үш есесінен аспауы тиіс

- 
- ▶ Әкімшілік жазаны тағайындау (осы әкімшілік жазаны туғызған) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаны міндеттемелерден босатпайды. Әкімшілік жаза азаматқа мынадай түрде тағайындалуы мүмкін:
  - ▶ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі айдан (кем емес) кешіктірмей;
  - ▶ қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап алты айдан (кем емес) кешіктірмей;
  - ▶ салық салу саласындағы құқық бұзушылықты жеке тұлға жасаған болса — жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей, ал заңды тұлға үшін — жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей;
  - ▶ созылмалы әкімшілік құқық бұзушылық үшін оны анықтаған мезеттен бастап екі айдан кешіктірмей.
  - ▶ Егер әкімшілік жазаға тартылған тұлға, жаза өтілген мезеттен бастап бір жылдың ішінде жаңа әкімшілік құқық бұзушылық жасамаса, онда тұлға әкімшілік жазаға тартылмаған болып есептелінеді.



► "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекстің 61 және 62-баптарында жауапкершілікті ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар көрсетілген. Хрестоматиядағы осы негіздерді қарастырыңдар, өз пікірлерінді айтыңдар. Сонымен, әкімшілік жаза дегеніміз — әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны үшін қолданылатын жауапкершілік шарасы. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін тағайындалатын жаза әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларға сәйкес болуы керек. Әкімшілік жазаларды тағайындау құқығы өкілді органдар мен лауазымды тұлғалардың бірталайына берілген.

# Әкімшілік жауапкершілік

- ▶ Әкімшілік жауапкершілік — азаматтар мен лауазымды адамдардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің бір түрі. Кінәлі адамдар өзі құқық бұзған уақытта және территорияда қолданылатын заңдар негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасында 1984 жылы 24 наурызда қабылданған (1995 жылы 1 сәуірде бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізген) “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі” қолданылады. Осы құжат бойынша әкімшілік жауапкершілікке құқық бұзған сәтте 16 жасқа толған азаматтар ғана тартылады. Әскери қызметшілер мен әскери жиындарға шақырылатындар, ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік құқықты бұзған ретте тәртіптік жарғылар бойынша жазаланады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын — сәйкесті Парламент палатасының, жергілікті мәслихат депутаттарын — сәйкесті өкілетті органның келісімінсіз, ал Қазақстан Республикасының судьяларын Қазақстан Республика Президентінің келісімінсіз Әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды. Сондай-ақ республикадағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды, өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмайтын, есі дұрыс емес адамдарды т.б. Әкімшілік жауапкершілікке тартуға қатысты мәселелер қолданыстағы әкімшілік кодексте егжей-тегжейлі көзделген.



Назарларыңызға рахмет!

